


Ілияс Жансүгіров



Ілияс Жансүгіровтың кітаптары



ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ

- Қарағаш ауылында жәдитше бастауыш мектепті бітіреді. Болашақ ақынның бұдан соңғы біраз уақыты ауылда өтеді.
- 1919 жылы. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсқа түседі. Оны бітірген соң өз ауылында мұғалім болып, кейін «Тілші» газетінде қызмет атқарады.
- 1922 жылы Верныйдағы (Алматыдағы) Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалады.
- 1925 жылы Мәскеудегі Журналистика институтына оқуға түсіп;
- 1928 жылы бітіріп шыққан соң, «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке жіберіледі. Жансүгіров шығармалық жұмыспен қатар Қазақстан Жазушылар одағын
- ұйымдастыру ісіне де белсене қатысқан. Бұрынғы ҚазАПП (1926) таратылған соң;
- 1932 жылы Жазушылар одағын ұйымдастыру комиссиясының төрағасы болып сайланып;
- 1934 жылы өткен 1-съезге дейін қызмет істейді. Съезде Қазақстан Жазушылар одағының алғашқы төрағасы болып сайланды.
- 1934–1937 жылдары Қазақ саяси баспасының редакторы, сонымен бір мезгілде;
- 1933–1936 жылдары Қазақ АКСР-і ОАК-нің мүшесі болды.
- 1937 жылы жалған саяси айыппен тұтқындалып;
- 1938 жылы ату жазасына кесілген.
- 1958 жылы ақталды.

ШЫҒАРМАЛАР Ы

Ілиястың шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Ол поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектеніп, өзіндік қолтаңбасы айқын көркем шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген құнарлы да тегеурінді қаламгер. Оның шығармаларына арқау болған тақырып өрістері де алуан түрлі. Поэзия, проза, драма салаларындағы шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін арқау болып отырады. Қандай тақырыпқа қалам тербесе де ел қамы, халық тағдыры, ұлттың болмыс қасиеті оның шығармаларының алтын арқауы.

ПОЭМАЛАРЫ

